АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ
МӘРТӨК
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМ
МАРТУКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
МАРТУКСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы
Мартук Есет Көкіұлы көшесі, 96 үй, тел: 31090

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Актюбинская область, Мартукский район, село
ул.Есет Кокиулы, д.96, тел: 31090

2026 жылы «12» ақпан № 34

Мемлекеттік (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) бір көзден жүзеге асыру бойынша

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 баптың 3 тармағының 25 тармақшасына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптары және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 казанындағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2 тарауына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік мүліктің тізілімі дереккорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтерін сатып алу туралы шарт тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Шманова Гульмира Сериковна мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы сатып алынатын «Мемлекеттік мүліктің тізілімі дереккорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтері» нарығын талдау нәтижелері бойынша анықталған өнім берушіге шақыру жіберуді қамтамасыз етуді тапсырамын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды әкім орынбасары Р.С.Байсагизовке қалдырамын.

4. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өзіме аламын.

5. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Мәртөк ауылдық округінің әкімі **А.Айтмағамбетов**